ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 02 желтоқсан №5165-25-00-2/3307 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.С.Кәрім, талап қоюшы «ОрдаСтройПроект KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер туралы мәліметті енгізуді міндеттеу және қарыз соманы өндіру туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талаппен сотқа жүгінген, онда жауапкерге 2025 жылғы 16 қаңтардағы «Түркістан облысы, Сауран ауданы, Үшқайық ауылдық округі, Жаланөтес ауылында медициналық пункт құрылысы» (сыртқы инженерлік желілер)» нысаны бойынша №13 қосалқы мердігерлік шарт негізінде 2025 жылғы 18 сәуірдегі сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер ретінде «ОрдаСтройПроект KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы мәліметті енгізуді міндеттеуді және 700 721 теңге қарыз сомасын өндіруін сұраған.

2025 жылғы 27 қарашадағы сот ұйғарымымен жоғарыды көрсетілген азаматтық іс бойынша тараптар арасында медиативтік келісім бекітілген.

Алайда, сот ұйғарымының кіріспе және қарар бөліктерінде жауапкер «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі» орнына «Агроспецмонтаж» өндірістік кооперативі» - деп қате көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 235-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

Талап қоюға және оған тіркелген іс-құжаттарға қарағанда жауапкер «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі көрсетілген.

Осыған байланысты сот ұйғарымының кіріспе және қарар бөлігіне түзету енгізуді қажет деп санайды.

АПК-нің 235, 268-269-баптарын басшылыққа алып, судья

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «ОрдаСтройПроект KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер туралы мәліметті енгізуді міндеттеу және қарыз соманы өндіру туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық ісі бойынша 2025 жылғы 27 қарашадағы сот ұйғарымының кіріспе және қарар бөліктеріне түзету енгізілсін.

Жауапкер «Агроспецмонтаж» өндірістік кооперативі» деген сөздердің орнына жауапкер «АрхСтройКомпани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі» - деп түзетілсін.

Ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық

экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына жеке шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Б.С.Кәрім**

Құжатқа қол қойылған: Кәрім Б. С., 02.12.2025

5165-25-3-1/3153